

A decorative border with a repeating floral and geometric pattern in a golden-brown color, framing the central text.

ЖЫР АРҚАУЫ –
АТА ЗАҢ



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-5

Ж 92

Құрастырған
Қайрат Мәми

Ж 92 Жыр арқауы – Ата Заң. Қазақ ақындарының жыр жинағы / құраст.: Қайрат Мәми. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 106 б.
ISBN 978-601-04-5132-2

Бұл кітап Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдық мерейтойына арналған. Кез келген елдің Конституциясы бір күнде пайда болмайды. Қазіргі Ата Заңымыздың түп қайнары – әз Тәукенің «Жеті Жарғысы», Есім ханның «Ескі жолы», Қасым ханның «Қасқа жолының» лайықты жалғасы. Кеңестік мемлекеттің Конституциялары да өзінің ықпалын тигізді.

Конституцияны ардақ тұтып, оған жыр арнаған ақындардың көш басында ұлы ақын Жамбыл Жабаев тұрса, сонында Оразақын Асқар, Серік Ақсұнқарұлы, Нұрлан Мәукенұлы, Кәдірбек Құныпияұлы, Әлия Дәулетбаева сынды айтулы жыр шеберлері тұр.

Кітаптағы көркем туындылар казакстандыктарды береке-бірлікке, ырыс-ынтымаққа, ел болып ұйысып, жұрт болып жұмылуға шақырады. Сондай-ақ, тілі жатық, образға бай поэзиялық шығармалар жас ұрпақты отаншылдық, елжандылық, патриоттыққа баулуды көздейді, оларды қасиетті елімізді, ұланғайыр жерімізді кәдірлеуге, Тәуелсіздігімізді қорғауға үндейді.

Жана кітап барша казакстандыктарға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 Қаз-5

ISBN 978-601-04-5132-2

© Құраст. Қайрат Мәми, 2020





Ҳамбӯи Ҳабаев



АЛТЫН ЗАҢ

Өлеңім, шарла ауылды,
Тында, дала, Жамбылды!
Өмірде заңды көп көрдім,
Сол заңдар бүгіп белімді,

Көзімнің жасын қан қылды.
Маңдайға әжім түсіріп,
Қайнатып миды даң қылды.
Жүргізді заңын «бір құдай»,

Жүргізді заңын Абылай,
Қылышпен жұмсап законды,
Жүргізіп жауыз Николай,
Кең дүниені тар қылды.

Солдатқа ұлды алдырып,
Ардақтысын аттырып,
Аруды малға саттырып,
Елді ерікке зар қылды.

Заңның тартып зардабын.
Зарлады налып қалың ел.
Ұстап заңды қолына,
Халықтың мініп мойнына,



Бай, мырза, шора алды бел.
Ажал, аштық, жауыздық.
Даланы кезіп құйындай
Көздің жасын етті сел.

Шарла өлеңім ауылды,
Тында, дала, Жамбылды!
Ақыныңа тізгін бер,
Сүрлеуден даңғыл жол болып,

Бұлақтан теңіз шығады,
Тастан болат жаралып,
Халықтан туып данышпан,
Топшылап сөзді буады.

Бақытты өмір кезінде,
Бар әлемде теңі жоқ.
Бақытты бала туады.
Баламен егіз ұлы боп.

Колхозданған ауылда,
Жақсы жыр дүкен құрады.
Шат тұрмыстың жыры шат,
Барлық көркем сөздердің.



Біздің сөз сәуле шырағы.
Шаттықтың тартып әуезін,
Аралап колхоз ауылын,
Тыңда, дала, Жамбылды!

Тыңда, Қастек, Қаскелең!
Сөйлесін кәрі бауырың.
Ардақтаймын Советтің
Әділ заңын тамаша,

Орнатқан шаттық дәуірін.
Жүрекке нәзік жыр беріп,
Табиғатты менгеріп,
Ар, атаққа ие етіп.

Марқайтқан еңбек қауымын.
Сталиндік ұлы заң
Жастарға байтақ жол ашты.
Бақ пердесін көтеріп.

Олжаға олжа ұласты.
Әділ заң ұлы тойымда,
Жұртты аузына қаратып,
Шығарды қызым – Күләшті.



Ардақтаймын бұл заңды,
Астананың мектебін,
Ашты колхоз ұлына,
Бауырлас көрші елдердің.

Қатарына қосылып,
Өмірдің астық шыңына,
Шырқа, ақындар, көтере,
Шығара таудың қырына!

Өлеңмен топқа қосылып,
Қандыр көңіл құштарын,
Өлеңменен айтып бер,
Ұлты басқа, тілек бір –

Елдер тізе қосқанын.
Отанымның гүлденіп
Өлеңге қос көркейтіп,
Шаттықты сүйіп құшқанын.

Өлеңменен ұрандап,
Еңбекпенен олжаға
Шақыр тегіс қалдырмай
Даланың ауыл, қыстағын...







Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың ант беру сәті, 2015 ж.



Бірінші бөлім



АТА ЗАҢ – АРЫМ

Байтағым ұстар байрағым едің,
Жапырағын жаңа жайғаным едің.
Керуенім күнге көш түзегенде:
Ата Заң – Арым,
Айбарым едің.

Қайрат Әбдіразақ

АТА ЗАҢЫМ – БОЙТҰМАРЫМ

Тыңда далам, тыңда қалам, тыңда елім,
Ата Заңым таусылмайтын жыр-кенім.
Бостандықтың бойтұмары мәңгілік,
Көкейіме ұялаған нық сенім.

Ата Заңым – барлық низам бастауы,
Жалғандықтың, заңсыздықтың хас жауы.
Кепілі ол заң сыйлаған қоғамның,
Содан жұрттың қалыс қадам баспауы.

Еркіндік пен Азаттықтың тілегі –
Конституция екенін ел біледі.
Әділдіктің мызғымас ол қорғаны,
Келісім мен татулықтың тірегі.

Ата Заңым – елдігімнің нышаны,
Жиырма бес жыл кесілгелі тұсауы!
Адам құқы сақталады қашан да,
Заң үстемдік құрып тұрған заманда.



АТА ЗАҢ

«Түбі бір түгел сөздің түп атасы –
Майқы би» – деп келеді сөздің басы.
Шығарған Майқы бидің жарғыларын,
Қолдаған кезінде елдің кәрі-жасы.

Заң болып Қасымханның қасқа жолы,
Құп алып бүкіл қазақ қостады оны.
Шыққанда ескі жолы Есімханның,
Өрбітпей отаршылдық тастады оны.

Жатса да жер тарылып, халық кеміп,
Амалсыз темір заңды «Алтын» дедік.
Ерлердің бас көтерген басын алды,
Ержүрек ата-баба салтын көміп.

Айырылып еркіндіктен, дінімнен де,
Қармаққа қызыл тілім ілінгенде.
Отаным дербестікке бейбіт жетті,
Озбырлық омақаса сүрінгенде.



Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам төрде әлемге танылды анық.
Шырқадым Әнұранды бар дауыспен,
Арманым – Ата Заңым қабылданып.

Әлемге ел пейілін таныстырған,
Заңым ең, адамгершіл, халықшыл заң.
Тілім тұр онда айтыста әділ жеңіп,
Мәртебе мемлекеттік алып тынған.

Қорғалар жерім тұтас, елім бүтін,
Қол сұғып ешкім сырттан айтпас үкім.
Заңда айқын міндеттерім, құқықтарым,
Ақтайын әке үмітін, ана сүтін.

Қақ жарған қара қылды Ата Заңым,
Өзіңнен әр іске ақ бата аламын.
Жолыңнан сенің әділ ауытқыса,
Кешірім кім де болса жасамағын.

Танысын жердің жеті құрлығы оны,
Елім деп белсенген қыз, ұлды қоры.
Өмірде іске асып әр тармақтарың,
Бола түс Нұрсұлтанның нұрлы жолы.



Ермек ӨТЕТІЛЕУОВ

ОТАН

Отанды біз атамекен
Деп аялап атаймыз.
Өйткені оны мекен еткен,
Бабамыз бен атамыз.

Отанды
Жас, кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені, онда бәріміз де
Туып, өмір сүреміз.

Отанды әркім анасындай
Қастерлейді, бағалап.
Өйткені Отан баласындай
Бізді өсірер аялап.

Отан деген – атамекен,
Отан деген туған жер.
Отан – ана,
Отан – үлкен
Қазақстан – туған ел.



Тоқбай ИСАБЕКОВ

ОТАНЫМ

Отаным менің кең өлкем,
Жатыр ол гүлге бөленіп,
Жетілсем өсіп мен ертең,
Жасасын жұртым төрелік.

Досына ашып құшағын,
Тартулы тәтті тағамы,
Ұл-қызы көкті құшады,
Қияда қанат қағады.

Отанымның гүлі көп,
Өсіріп, баулып, баптаған.
Өскелең елдің ұлы боп,
Жүргенде бүгін мақтанам.

Тынышын елдің бұзғанда,
Қамалын жаудың құлатам.
Тұрады жайнап біз барда,
Гүлдей боп байтақ ұлы Отан.





Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.К. Тоқаевтың ант беру сәті, 2019 ж.



Серікбай ОСПАҢҰЛЫ

АТА ЗАҢЫМ – АҚЫЛ ІСІ, АР ІСІ

Сенде мәнді асыл сөз жан қалаған,
Жүректерге содан жылу тараған.
Қызмет етіп келесің сен мүлтіксіз
Еркін өмір сүру үшін әр адам.

Нұсқап елге еркіндіктің жолдарын,
Қуантады жанға қамқор болғаның.
Елдің туын аспандата көтеріп,
Адамзаттың ар-ожданын қорғадың!

Мүддем сенде,
Бүлдем сенде,
Сен – Бағым,
Жырым – қайғы, болмас мұнды енді әнім.
Ата Заңым, бар әлемге таныттың
Қазақстан атты ғажап ел барын!

Сенсің Заңым – Әділеттің тұғыры,
Би-шешендер ойларының тұнығы!
Ата-бабам көрем сенен арманын,
Елдің қамын жеумен өткен ғұмыры!



Сенде, сенде жанның жылы ағысы,
Әділет пен қабілеттің табысы!
Тілімді де, ділімді де қорғайтын
Сенің ісің –
Ақыл ісі,
Ар ісі!

Абыройдың,
Ақыл-ойдың биігі,
Тоқсан ауыз сөздің сенде түйіні!
Дүниеде сен барында
Шындықтың
Пенделіктен биік тұрар иығы!



Абдрахман АСЫЛБЕКОВ

ҰЛЫ ОТАНЫМ

О, менің қасиетті ұлы Отаным,
Атады арайланып құба таңың.
Ерекше сезімменен ерте тұрып,
Сергуді самалыңмен ұнатамын.

О, менің қасиетті ұлы Отаным,
Жанымды жайлауыңмен жұбатамын.
Аралап аңызқты алқабыңды,
Ағалар жайлап жайып жүр отарын.

О, менің қасиетті ұлы Отаным,
Қиямнан көз тартады құба таңың.
Тәкаппар тауларыңа шығып тұрып,
Тоғанын арманымның құлатамын.



Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

ҮШ ТАҒАН

Уа, Ата Заң!
Ел. Жер. Ер.
Үшеуін – үш таған көрдім,
Соған серт.
Сен нұсқаған заманға ердім,
Жеті қат жер астына түтік шығып,
Жетем деп, Жеті жарғы, саған келдім.

Сығыр ат, жын мен жыбыр есік-төрден,
Тарихтың тақсыретін кешіп келген,
Алаш тұр алдыңа кеп аяғынан
Тұсауын Алла өзін шешіп берген.

Безер іші, ылғи беті күлген,
Кердегінің өзі сипап кекілінен,
Ауылға, басыбайлы саған келдім,
Жетіліп жер бетінің жетімімен.

Көк Түркі, көкбөрінің тұқымы бір,
Үкілі ұл, үкілі қыз, үңілі жыр.
Иманы Яссауидың жан тербеген,
Исатай, Махамбеттің тұқымы бұл.



Алдымен ер-тұрманын өрнектеген.
Бекзаттық жерді ұшықтап жөргектеген.
Бай болған, бағлан болған ұлықтарға
Құдайым таупих бере гөр деп келем.

Ер. Жер. Ел.
Үшеуін – үш таған көрдім.
Соған серт.
Сен нұсқаған заман көрдім.
Жеті қат жер астына түсіп шығып,
Жетем деп, Жеті жарғы, саған келдім...



Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ

АТА ЗАҢ – АРЫМ ...

Жерұйық іздеп...
бақ табар мәңгі,
Басынан кешкен ақтабандарды,
Қазақтың елі,
ғажаптың елі –
Баққа барған-ды,
баптап Арманды.

Байтағым ұстар байрағым едің,
Жапырағын жаңа жайғаным едің.
Керуенім күнге көш түзегенде:
Ата Заң – Арым,
Айбарым едің.

Толқында керген желкенімдейсің,
Өліарадағы өркенімдейсің.
Есіл де, есіл,
есіл елімнің
Ертеңіңдейсің,
ертегімдейсің.



Дертiмдi ұқпас дерексiз ғалам,
Еру күндерде ерексiң, заман!
Шертпе күйдегi тұнған шерiмнiң
Жасын сүртуге керексiң маған.

Ғасырдан мынау ғаламат ұғар,
Сарғайтып iлдiң санама тұмар.
Ата Заңымда...
ат жалын құшқан –
Аталарымның аманаты бар.

Тамылжығанда таң да мұнартып,
Арманның елi алға құмартып,
Қаратау жақтан көрiнген көшпiн
Бағытым,
барым,
бағдарым – анық...





Бораш Игілік



Базарбай ИСАЕВ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ БАР

Көк айна көлім бар,
Кең жайлау жерім бар.
Еңбегі еленген
Атақты ерім бар.

Жемісті бауым бар,
Шың-құзды тауым бар.
Еңісті өр еткен,
Жеңісті қауым бар.

Жайдарлы желім бар,
Өрісті белім бар.
Ерлікке баулитын
Егемен елім бар!

Тарих боп кешегім,
Көп жұмбақ шешемін.
Егемен еліме,
Еге боп өсемін!



Бакытжан ТОБАЯҚ

ЗАҢГЕР

Бар ғой әлі қарақшы да,
Түні бойы торлайтын.
Ал, заңгерлер ежелден,
Сол зұлымнан қорғайтын.

Адам құқы дегенде
Жатқан емес жантайып.
Екеуі де кемеңгер:
Зиманов пен Сартаев.

Жетсем деймін солардай
Қыран ұшар бір тауға.
Сол қырандар шолардай
Тіксем туды шырқауға!



Нұрлан МӘУКЕНҰЛЫ

АТА ЗАҢЫНДЫ АРДАҚТА

Құрандай көріп қолыма алған
Ата Заң – осы, ағайын!
Жүз ұлтты тірлік жолына салған
Баптарын бағып, қағайын.

Татулық, Теңдік, Еркіндік – мұрат,
Егемен құқық – еншіміз.
Тарихы ортақ Тағдырды құрап
Ел болдық, келсін елшіңіз.

Кіндікқан тамған туған жер – осы.
Қазақтың жері – Отаным.
Болашақ бірге буған бел – осы,
Дуасы болсын батаның.

Қазақстанды танысын Әлем,
Бөлінбе-дағы, жарылма.
Жігерін жастан жанысын өрен
Отаншыл сезім барында.



Болашақ ұрпақ бақытын ойлап
Бейбітшіл қоғам құрғанбыз.
Халықтың байыр уақытын ойлап,
Нарыққа бетті бұрғанбыз.

Жасайды бәрін қоғамның қолы
Көреді бәрін көз бен іш:
Тарылып жатса адамның жолы
Заңда да болар өзгеріс...

... Құрандай көріп қолыңа алған
Ата Заңыңды ардақта.
Тәуелсіздіктің жолында қалған
«Шет болмасын де – әруаққа».



Мұса ЖАНӘДІЛОВ

АТА ЗАҢЫМ

Ата Заңым – ар, ождан, парасатым,
Қалай айтсам дәл бүгін жарасатын.
Ата Заңның арқасы деп білемін.
Жер жүзіне танылды, Қазақ атым.

Қазақ деген – кең байтақ Қазақстан,
Күнге қарай бет алған ғажапстан.
Жүз отыз ұлт достықпен өмір кешсе,
Даласынан қырандар шарлап ұшқан.

Берекесі, бірлігі жарасуда.
Ата Заңның өркендеп аясында
Тура жолға бастаған аялаған,
Ата Заңым – әкем де, анашым да.

Зәбір көрсем өзіңе паналадым,
Әділеттің шыңы деп бағаладым.
Өзіңсің оң мен солды танытқан да,
Жақсы менен жаманды сараладым.



Нұрлы таңым, өзіңсің күн шуағым,
Сондықтан да мен тұншығамын.
Еркін елдің ұлы боп, ақыны боп,
Болашаққа қол созам, құлшынамын.

Бар әлемге жар салып мақтанамын,
Жырымды арнап, сырымды ақтарамын.
Ата Заңым – қорғаушым болғаннан соң,
Құшағында бақыттың шаттанамын.



Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТА

Ғұрпымыз бар ел сенген,
Дәстүрлері – ең ізгі.
Әділдікпен өлшенген
Заңымыз бар Негізгі.

Бас иетін бар адам,
Әрбір сөзі салмақты,
Қорғар бәле-жаладан –
Ата Заң бұл ардақты.

Ата Заңға қарағым,
Шексіз болсын құрметің.
Туған елдің талабын,
Заңды орындау – міндетің.

Бақытты өмір сүргенің,
Бақ-дәулеттің баршасы,
Күліп-ойнап жүргенің –
Ата Заңның арқасы!





Ника Серова



Ақылбек ШАЯХМЕТ

СЕН ДЕР ЕДІМ

Әнім қалса төгіліп елде менің,
Дәнім қалса себіліп жерде менің,
«Жүзеге асты арманың қалай?» – десе
Ата Заңым, асырған сен дер едім!

Жүргізетін өмірдің дөңгелегін,
Ата салты, дәстүрім – ең керегім.
«Тіршілікке нәр берген кім!» – дегенде,
Ата Заңым, қуатым сен дер едім!

Аға сөзін құптаймын, жөн көремін,
Талай істі қапысыз меңгеремін.
«Мұның бәрін үйрендің кімнен?» – десе,
Ата Заңым, үйреткен сен дер едім!

Өріс кеңіп, толса егер төлге жерім,
Аққу жүзсе жұптасып көлде керім,
Сұлулықты ғажайып тұрған сақтап,
Ата Заңым, қорғаным сен дер едім!



Сары алтындай жарқырап белдегі егін,
Шалқып жатса ырысым жерде менің,
Қасиетті бастауы қазынамның,
Ата Заңым, әрине, сен дер едім!

Әлдилесе мәңгілік жер бөбегін,
Той-думанды әлі де көрмек елім.
Тыныштықтың бесігін тербететін,
Ата Заңым, киелім сен дер едім!



Сайлаубай ТОЙЛЫБАЕВ

ҚАЗАҚСТАН – РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Бойымда жігер, тұрғанда сенім,
Жалындап өтем жолында сенің!
Өзіңсің мәңгі бақытым, барым,
Аяулы – Отан, ардақты – елім!
Қазақстан – Республикам менің!

Ертіс пен Іле, Сырдария, Жайық,
Гүлденіп жағаң, жанып тұр байып.
Кең-байтақ мынау қазақтың жері,
Халқына тұр ғой құшағын жайып.

Алатау, Алтай, Маңғыстау өлкем,
Жетісу – жаннат, Көкшетау – көркем!
Атырау – алтын, Сарыарқаң – күміс,
Қанатын созып, жаяды өркен!

Алакөл, Каспий, Балқашым көлім,
Нәр алып сенен гүлденді елім!
Жайлаған мынау, Қазақтың жерін,
Өрісте – малың, төскейде – төлің!
Қазақстан – Республикам менің!



Бозторғай әнін тындасын сүйіп,
Төсінде жортқан, марал мен киік.
Болашақ саған қол созған бүгін,
Ерікті еліміз еңсесі биік!

Айналдым сенің атыңнан «қазақ»,
Ел болдың еркін, ақ пейіл азат!
Желбіреп тұр ғой төрімде биік,
Көк туың көркем, жібектей ғажап!
Қазақстан – Республикам менің!

Еңбегің жанса, халқың бар ақтар,
Жемісін берер, мәуелі бақтар!
Көп ұлтты елім, гүлденіп өсіп,
Тыныштық тілеп, бірлігін сақтар!

Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім!
Беретін бойға күш-қуат, жігер,
Шырқалсын шаттық Әнұран әнім!
Қазақстан – Республикам менің!

Жырақта жүрсем, сағынам сені,
Өзіңсің елім, жүректің емі.
Бабалар сертін, сақтаған мәңгі,
Қорғаның болам, қайыспас белі!



Білім ап берік, биіктеп санам,
Отаным – ордам, Отаным – Анам!
Көтерді шаңырақ, Астанам – асқақ,
Жаңарып қалам, жасарып далам!

Бойыңнан серпіп, бодандық жүгін,
Кетпейді ойдан Отандық ұғым!
Арыстан – жүрек, айбынды – елім,
Таниды сені бар әлем бүгін!
Қазақстан – Республикам менің!

Дән егіп жерге, қазатын кенін,
Орманды дала, құнарлы жерің!
Қойнауың толы қазына байлық,
Айналдық сенен, асқар тау белім!
Қазақстан – Республикам менің!

Бойымда қайрат, тұрғанда сенім,
Құрбаның болам жолыңда сенің!
Құлпырып мәңгі жасай бер, жаса,
Сүйікті – Отан, сүйкімді – елім!
Қазақстан – Республикам менің!



Болат ҮСЕНБАЕВ

РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Республикам – арай тұнған күн шуақ,
Кең төсінде – ырыс, бақыт, ынтымақ.
Келелі іске, кең өріске ұмтылып,
Жаңаруға таба білдің тың қуат.

Республикам – мейір тұнған мәрт ана,
Тосқауылды бұзып өттің қаншама?!
Қазыналы ұлан-байтақ өлкеге,
Бүкіл ғалам көз тігеді тамсана.

Заманамен бірге түлеп, жаңғырған,
Жеңістерің жатты есінен тандырған.
Дос дегенде жайып аппақ дастарқан,
Құшағыңды тостың оның алдынан.

Жігерінді мұқата алмай сан сынақ,
Жүздің өрге намысыңды қамшылап.
Тарихымның жаздың жаңа беттерін,
Көне ғасыр қатпарларын аршып ап.

Бодандықтың тас бұғауы түскелі,
Арқаланып, ел еңсесін тіктеді.



Қазағымның талай ғасыр зарығып,
Тәуелсіздік шуағы еді күткені.

Топырағыңмен тамырласып кіндігім,
Қуаныштан жүрек толқып тұр бүгін.
Нығайтамын елдігімнің тұғырын,
Берік ұстап Тәуелсіздік тізгінін.

Асқақтаса Астанамның айшығы,
Алматым да ажарланып, шалқыды.
Мұнайлы өлке, астықты алқап өңірің,
Қарыш қадам, еселі еңбек әр күні.

Ұқсатамын топтан озған саңлаққа,
Мақтанышым – ұл-қыздарың марқасқа.
Талпынасың елу елдің еңселі,
Ортасынан ойып орын алмаққа.

Шежіресін шертсе күй ғып көне жер,
Ертеңіне, өркеніне сене бер.
Дүниені дүбірімен тандантқан,
Міне, осындай Қазақстан деген ел!



Аманкелді ШАХИН

ЕГЕМЕНДІК КЕПІЛІ

Жаңарып заманымен ел өседі.
Дала – құт, жарқын оның келешегі.
Дарыған жерден қуат, күннен шырақ
Қазынам – жеті жұртпен теңеседі.

Желегі бостандықтың елес еді,
Келеді түгенделіп ел есебі.
Ғаламды көк түріктің рухы шарлап,
Даламда еркіндіктің желі еседі.

Емес пе дарығаны қазаққа құт,
Тез өсті ел, тұрмысымыз абаттанып,
Өркенді дүниеден алып үлгі,
Ертеңді түп қияннан парактадық.

Басты үлгі, мағыналы, салты бар жұрт
Дәстүрді тот баспаған аршып алдық.
Далама бауыр басқан мың сан ұлтқа
Ғажап-ау, жайма шуақ заң шығардық.



Әмәнда қонағына бас иетін,
Қазағым жоғалтпады қасиетін,
Жаңғырған Ата Заңға жарастырдық,
Қалдырған ата-баба өсиетін.



Жомарт ИГІМАН

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЗАҢЫ БҰЛ

Тамылжиды мына күн,
Үйлесім мен ұнасым,
Ұштасқан сәт нұрлы таң төгер жерге шуағын.
Адалдықпен тыныстап,
Қонады елге ырыс-бақ,
Ерлік болып асқақтап, тазалық боп тұнамын.

Миуалы бақ – бауым бар,
Көк тіреген тауым бар,
Қазақ деген халықтың, ұрпағымын таныңдар.
Төрткүл жұртқа еленген,
Төрт құбылам теңелген,
Тәуелсіздік тұғыры – менің Ата Заңым бар.

Думан заман – менікі,
Туған далам – менікі,
Менің еркін елімнің кеңеюде өрісі.
Салқар белім – менікі,
Шалқар көлім – менікі,
Ажарланды, түрленді, ата-бабам қонысы.



Шаяхмет ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

АТА ЗАҢЫМ

Заң қуаныш, заң қайғы, заң тірек,
Өмір шіркін ұзағырақ, мәндірек.
Жүгінеміз түңіліп, мұнайғанда,
Ақ тілекке жетпегенде әлсіреп!

Адамдарға сүйеніш, дәлелдетер ақты да,
Қорғайды көп момынды да, сақты да.
Шешім кейде қабылданса дұрыстау,
Дәріптейміз әділ қазы сотты да.

Ата заңым – мемлекет тірегі,
Өмір айдын бәрі заңмен жүреді.
Әнұраным, Елтаңбам бәйтерегім шыңдағы,
Әділетті заңдарым, осылардың жүрегі!

Президент күн шуақ, айым болса аспанда,
Сол биікке «жетсем» деп, талпынады жастар да.
Заң – жүйеге бағынады, ел-жұртта,
Әділдікті іздейді, бірге жүрген достар да!



Әділ заңда, әділетсіздік болмайды,
Шындықпенен жақсылықты таңдайды.
Заңды білмей сүрініп кетсең кей кезде,
Түсіп кетсең, тұңғиыққа сол қайғы!

Заңсыздықтан шалыс басып түңілеміз,
Сүрінеміз, ата заңға қайтадан жүгінеміз.
Сол кезде «тура биде – туған жоқ» – деп,
Достыққа, туыстыққа бірігеміз!

Заң алдына қайтадан – иілеміз.
Шыңдаламыз заңды оқып, күніне біз,
Халыққа өмір-бақи қорған болған,
Бас иеміз ақпарат, білімге біз!



Смағұл РАХЫМБЕК

НҰРЛЫ ЖОЛ

Нұрлы жолға енді, міне, түсті елім,
Қолына алып жасампаздық істерін.
Көрмегенге – көз де соқыр, жүрек жоқ,
Арқалады Елбасымыз
Ғасырлардың жүктерін!

Жалғыз өзі ашты әлемге есігін,
Тербетуде болашақтың бесігін.
Келер ұрпақ мақтанышпен айтады,
Назарбаев Нұрсұлтанның есімін.

Мына заман неткен ғажап ертегі,
Жастық шағым қайта айналып келсе еді...
Қазақстан, Ғажапстан – туған ел,
Мақтан тұтам, қуат көрем мен Сені.



Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ

АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ

Бабалар қорғап қалған туған жерін,
Еркіндік қай ғасырда келген тегін.
Нұрындай тәуелсіз боп атқан таңның,
Ата Заңым – айбарым, елдік белгім.

Бұл кітапта әкелердің қаны бар,
Бұл кітапта аналардың ары бар.
Ұлтын сүйген ұрпақтардың қолымен,
Болашақтың жарқын жыры жазылар.

Әділдік пен теңдік деген тартыста,
Жанды қиып, қамшы бастық намысқа.
Бодандықтың шебін бұзып шыққанбыз,
Жол салғанбыз еркін күнге, ғарышқа.

Ата Заңым қанмен, термен жазылған,
Әр сөзінен сергек сенім, саз ұғам.
Терең тегім менің сонда өрілген,
Әр жолында құндылығым, қазынам.



Тәуелсіздік тұнығынан нәр алған,
Менің халқым ерен болып жаралған.
Ертеңі оның бүгінгідей бақытты,
Алға қарай жетелейді ақ арман.

Келешектің кемеліне қол созған,
Ата Заңым – абыройым, ар-ождан.
Тамырында тегі жатыр Түріктің,
Бабалардың өр рухы – ақ маржан.

Кезім жоқ жігерім құм, жасығандай,
Ата Заңмен көңілім тасығандай.
Әлем бізді таныды төрін беріп,
Жиырма бірінші – ғаламат ғасыр болғай!



Айбатыр СЕЙТАҚ

**АЗАТ ЕЛДІҢ
АР-НАМЫСЫ – АТА ЗАҢ**

Еліне арналатын тілегі шын,
Ей, ұлым – Отанымның түлегісің!
Іргесін туған елдің тіреп тұрған
Қадірін Ата Заңның білемісің?!

Ешкім де мін таға алмас елдігіме!
Дауласып жармаспайды белдігіме.
Бойында Ата Заңның өріліп тұр
Даламның кеңдігі де, тендігі де!

Бағынған өз заңына жұмыр ғалам,
Сондықтан Күннен Жерім суынбаған.
Қоғамның сан саласын реттейтін
Әрбір заң Ата Заңнан туындаған.

Бастайтын болашаққа бақ кемені,
Осы жол халықтың да нақ сенері!
«Халқыма адалмын!» деп Ата Заңға
Елбасы қолын қойып Ант береді.

Болғанмен бұл Өмірде айлаң күшті,
Ел үшін кім тындырар қайран істі?!



Еліңнің дамуы мен дағдарысы
Ол-дағы Ата Заңға байланысты!

Нұр шашқан жас ұрпақтың ұғымына,
Тікелей әсер еткен ғұмырына.
Айналды Ата Заңым мызғымайтын
Тәуелсіз мемлекеттің тұғырына!

Әр бабы, әр тармағы жойылмайды,
Шектеу де және тегін қойылмайды!
Келісім-шарт жасасқан барлық шет ел
Қазақтың Ата Заңын мойындайды!

Өмірден әділдік пен бақ табатын,
Құқығым қорғалды деп шаттанатын,
Өзіндей жас өркендер келеді өсіп
«Бұл біздің – Ата Заң» деп мақтанатын!

Өркендеп өз қолына алған ісі,
Биікке қазағымның самға, құсы!
Халық боп қадір тұтып, кастерлеген
Ата Заң – Азат елдің Ар-намысы!



Нұрлан ҚАЛҚА

АТА ЗАҢЫМ – БОСТАНДЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Мен қазақпын, сен орыссың, ол татар,
Бір елдікпіз, бір қазаннан дәм татар.
Ел де ортақ, жер де ортақ, Заң ортақ,
Нәсібіміз, кәсібіміз тең, қатар.

Ата Заңым бөлмейді еш нәсілге,
Дінге бөлмес, бармас қасгөй тәсілге.
Тілге бөлмес, ділге бөлмес, ұлтқа да,
Бір елдікпіз, берік игі дәстүрге.

Тегің қандай, сенім қандай, сұрамас,
Кемсіту де заң жолында ұнамас.
Ата Заңым теңдей құқық береді,
Бір елдікпіз, туыс болып, аралас.

Ата заңым – бостандықтың кепілі,
Қорған болар заңсыздықтан не түрлі.
Еркіндік пен Азаттықтың символы,
Әділдіктің нағыз заңдық тетігі.





Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құрамы



Екінші бөлім



ҰЛЫ КӨШІМ НҰРЛЫ ЖОЛҒА ЖАЛҒАСТЫ

Көк байрақтай біріктіріп Алашты,
Жеті Жарғы боп қалады алғашқы!
Мәңгілік Ел тамыр тартып тарихтан,
Ұлы көшім Нұрлы жолға жалғасты.

Ауыт МҰҚИБЕК

*Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы
Н.Ә. Назарбаевтың «Халықтың көші-қоны туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына
қол қойғаннан кейінгі толғаныс*

КЕЛІП ТҰР АҚОРДАНЫ АЛТЫ АЙНАЛҒЫМ

Арттағы ел үміт артып жіберді деп,
Әр күні қайраттанып, түрем білек.
Патшаң арманынды орындаса,
Жүрегің кетеді екен шын елжіреп!

Астанам Алпамыстай марқайды әр күн,
Сапында ол бүгін Мәскеу, Шанхайлардың,
Қағбаны айналатын қажылардай,
Келіп тұр Ақорданы алты айналғым!

Бір қазақ бір қазақты жетелесін,
Кетесің араласып етене сен!
Заңға анау қойған қолын Нүрекеңнің,
Барып, бір қысқың келіп кетеді екен!

Қуаныш сыйласам деп әр аптада,
Жүгірдім Мәжіліске далақ қаға.



Айтылып қала ма деп жақсы хабар,
Телмірді ел «Facebook»-тағы парақшама.

Аққулар ұшсын бері тұтас көлден,
Бақыт қой Еліңе кеп, құшаққа енген!
Есігін жаздай қақтым министрдің,
Қолымда ескі портфель Мұқаш берген...

Мінеки, артта қалды соның бәрі,
Елбасым ел тілегін орындады.
Бұл да бір игілікпен біткен шаруа,
Мәңгілік Ел болудың жолындағы.

...Немере, шөберенді мінгестіріп,
Енді бір жалтақтамай, шын көшші, жұрт!
Бұл Заңның мәні бөлек, жөні басқа,
Білгенге, бір нүктесі – бір бестілік!!!



Бақытбек СМАҒҰЛ

АТА ЗАҢ

Бұл Ата Заң кешегінің жалғасы,
Ақиқаттың айнымайтын арнасы.
Тасқа қашап жазып кеткен бабамның,
Тарих болып қалған ғажап таңбасы.

Көк байрақтай біріктіріп Алашты,
Жеті Жарғы боп қалады алғашқы!
Мәңгілік Ел тамыр тартып тарихтан.
Ұлы көшім Нұрлы Жолға жалғасты.

Ата Заңым, сен көненің көзі ме ең?!
Өз Тәукенің әділетті сөзі ме ең?!
Сені оқысам, бойым сымдай тартылып,
Құдіреттің құнын сонда сезінем.

Түп-тегіне көз жіберіп, аңғарсаң,
Ата Заңда айтылмаған мән бар сан!
Ақиқаттың бұлжымайтын айнасы – ол!
Тура жолға бастайтұғын бағдаршам.



Кесімді сөз келтіргенше, тоқтамға,
Оған дейін жерімде қан көп тамды.
Дала заңы ұлы билер қалаған,
Шайқалмады заман желі соққанда.

Ата Заңым сен көненің көзі ме ең?!
Егеменді елдің еркін сөзі ме ең?!
Елбасы үшін мақтан кернеп бойымды,
Азаттықтың парқын айқын сезінем!



АТА ЗАҢЫМ – АР-ОЖДАНЫМ, НАМЫСЫМ!

Көк байрағым аспанымдай зеңгір көк,
Желбіреді мен Тәуелсіз елмін деп.
Елдігімді, ерлігімді паш еткен
Көк туымды биіктерден көрдім көп.

Биіктерге көтерілсе байрағым,
Арқаланып арта түсер айбарым.
Бөрі мінез, жылқы тектес бабамдай,
Ту көтерсе қозып кетер қайдағым.

Алты құрық басын иген нарқына,
Көз тимегей қазағымның данқына.
Тарихымды өзі-ақ танып білмей ме
Бойлаған жан Елтаңбамның парқына.

Әнұраным шырқалғанда шарықтап,
Құс патшасы көк байрақта қалықтап.
Алтын арай күн нұрымен оянған,
Өз Отаным ардақтайды халық хақ.



Кім таныса елдігімнен танысын,
Ертең күліп ататұғын таң үшін.
Осыларды сақтап тұрған барлығын,
Ата Заңым – ар-ожданым, намысым!



Қалқаман САРИН

АТА ЗАҢ

Ата заңымның анасы болған дәстүрім,
Ата салтында – ғажайып құрып, жақсы ырым.
Ата бабамның ақ отау, алтын бесігі –
Атамекенім! Алладан соңғы басты ұғым!

Шариятымды, ар-ұятымды шаң басып,
Шаңырақ қалды. Шежіре сырдан шал қашып.
Шала білетін ұлтымның ұлық тарихын,
Шалағайлар жүр ата дәстүрден алжасып.

Қасиет қалмай, береке болмай ісімде,
Қас дұшпан келіп қасықтап қанымды ішуде.
Қасымхандардың қасқа жолынан адасып,
Қасқырдай болып ұлиды-ау үрей ішімде.

Есімнен қалған елді адастырмас ескі жол,
Есімдегі әлгі ән, «Елім-ай» еміс естілер.
Есіктен қарап қалмасын қайран қазағым,
Есілге қонған есіл ерлерім, есті бол!



Тәуелсіздіктің жолында кеше мың өлдік,
Тәубасын айтып Тәңірге бүгін жүрер жұрт.
Тәуекел етіп, жеті жұртымның қамын жеп,
Тәукедей, сірә, жасайтын кім бар бір ерлік?

Залалы тимей заманды мынау кім күштер?
Заңғар таулардай бола алар ма екен «білгіштер».
Заманалардан қазақтың заңы – дәстүр ғой,
Заң бұзғандардың бәрі де, ендеше, қылмыскер.



Қанат ШӨКЕНОВ

АТА ЗАҢ...!

Құрсауда болған қазағым,
Азаттық кеше алыпты.
Мемлекеттің тұғырын,
Ата заңменен салыпты.

Мәртебесі биік мәтіндер,
Өзгерістермен толықты.
Бүгінгі күнде сол заңым,
Жиырма беске толыпты.

Бірдей болу түп мақсат,
Ата заң деген жалпыға.
Басты заң болса алдында,
Қызмет қылсын халқына.

Таптамай жүрсін аяққа,
Ұлтымыздың тағдырын.
Жықпай жүрсін таяққа,
Сырттан келер азғының.



Сол үшін бізге заң керек,
Намысы биік жан керек.
Бүгінгі халқым тараған,
Шешен-биден, ойы зерек.

Басты заңым жалғасы,
Кешегі Жеті Жарғының.
Сондықтанда бұл заңды,
Жүректе ұста барлығың.

Құқығы бірдей болсыншы,
Жағалы менен жарлының.
Бірдейсіңдер ғой жарандар,
Алланың алдында барлығың.



Салтанат СМАҒҰЛОВА

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ

Бірлігі бар бастау алған тайпадан,
Оңбайды оның шаңырағын шайқаған!
Азаптасын, атсын, шапсын... Бұл қазақ
Түрегеліп жүріп кетед қайтадан.

Қара ниет, көк атты кеп көлденен,
Ту сыртынан атқанда да өлмеген.
Суға салса батпайтын да ол деген,
Отқа салса жанбайтын да ол деген!

Даласында болып өткен қырғын мың,
Бәрін көрген, сұмдық, қуғын, сүргіннің.
Елім жетті мұратына аңсаған,
Әуеніне баяу еніп сырлы үннің.

Қырандарға қайта беріп қанатты,
Нұрға бөлеп, тәуелсіздік таңы атты.
...Ен даланы жайлап жатқан еркін ел,
Даңқ, есімін дүниеге таратты.



Аты әлемге айғақ күллі...
Заты ірі.
Қазынаға толы қойнау, жатыры.
Жер-Ананың қазақ тұрған тұсына,
Қазақ қана ие болуға құқылы!

Қалай болсын шыңы биік тау енсіз,
Дала қайтіп тербеледі әуенсіз?!
...Қазақ енді ҚАЗАҚ болды мінекей,
Егеменді. Азат. Еркін. Тәуелсіз!



Әсел НАЗАРАЛЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК

Бағынар ма ек жат елге кім біледі?
Отанды ойлап соқпаса ер жүрегі.
Жан жүрегін елі үшін жұлып берген,
Сол ерлер Тәуелсіздік жыр тірегі.

Хақ сәулесі шашылған, аспан нұрдан,
Қазақтың әр қиялы дастан-жырдан.
Кешегі өткен ерлердің есімі ерек,
Көрінетін қазақпыз асқар шыңнан.

Желбірейді көк туым, желбіресін,
Көтергейсің елімнің мәртебесін.
Бедерлі нұр – Елтаңбам, Әнұраным,
Көрсетіп тұр Қазақтың өр-белесін.



Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

ӨЗІМНІҢ АТА ЖҰРТЫМДА ӨЗ ЗАҢЫМ БИЛІК ҚҰРЫП ТҮР!

Тереңнен созған тамырың ғасырдан
тартқан желісің,
Тарихтан асқан қастерлі ақиқат жоқ-ау мен үшін.
Бабалар жортқан боз дала – аяулы алтын
құндағым,
Армандай болған Азаттық – алғашқы ұлы
жеңісім.

Едіге жырдың найзасын егесте қанша сынадық,
Айқаста құшсақ ат жалын намыстан ғана
жыладық.
Көк бөрі текті түркінің көзіндей өткір билікті,
Көкенай менен Майқыдан алып қалғанбыз
мұра ғып.

Даланың дана заңында қаны бар қайсар
қазақтың,
Талқан қып теуіп шыққанбыз темір есігін
тозақтың.
Тұлпардың тұяқ дүбірін тындашы, дархан дүние,
Сұңқардай зият ғұмырым, Азатпын бүгін,
Азатпын!



Жандос ЖҰМАБЕК

ДАЛА ЗАҢЫ – БАБА ЗАҢЫ

Бабам батыр, көргені көп, зиялы,
Шалып түсер, қыран қабақ қияны.
Ертелі-кеш елдің шетін күзеткен,
Зұлымдардың тимесін деп зияны.

Қымбат оған – туған жердің әр тасы,
Орман-тоғай, өзен-көлі, қырқасы.
Бізге жеткен ұлан-ғайыр бұл өлке,
Бабалардың ерлігінің арқасы.

Елді қорғау – ежелден-ақ, ерге сын,
Дүниеге ұл бала боп келгесін.
Ерліктерін жел ұрлаған аңыз ғып,
Бабалардың рухы бізді тербесін.

Баба – дала, бесік болған ұлына,
Ұландары қанып өскен сырына.
Өзге елдің өсіргенше мерейін,
Өз елінің айналды олар құлына.



Тектіліктің тірек көрді тамырын,
Тілектерін қабыл алды Тәңірім.
Ар-намысқа сусындаған рухпенен,
Жарты әлемге жүргізді олар әмірін.

Дала заңы – езге қатал, ерге дос,
Қажет емес, жігерсіздер елге бос.
Құл боп тумай, ұл болғаның рас болса,
Туған елге өз үлесінді сен де қос.





Расул Базархан



Арайлым ҚАРСАҚБАЙҚЫЗЫ

МЕН ҚАЗАҚПЫН

Мен Қазақпын,
Ұлы елім арыспын,
Мына өмірдің
Жалына ерте жабыстым.

Қазағымның
Ұлан-байтақ жерінде,
Даналықпен,
Дара сөзбен таныстым.

Білім қуып,
Жүйрікпен де жарыстым.
Кейде жеңдім,
Кейде артта қалыстым.

Іздей берем –
Білім кенін әрдайым
Өйткені мен
Ұрпағымын Қаныштың!

Мен Қазақпын,
Мен де байтақ ұлыспын.
Жақсылармен
Адал жанмен туыспын.



Қас болғанға
Айбарымды көрсетіп,
Өткір, алмас
Қиып түсер, қылышпын!

Мен Қазақпын,
Аты шулы Алашпын,
Жарлылар мен
Жайсаңдарға қарастым.

Қызыл тілмен
Талай ою өрнектеп,
Бәрін шештім
Тіпті айтулы таластың.

Дос болғанмен
Бір туғандай жарастым,
Дұшпандарға,
Тіке қарап санастым.

Отан үшін
Жақсы болу парызым,
Өйткені мен
Ұрпағымын Алаштың.



Бердіғазы ТІЛЕУӘЛІ

ОСЫ МЕНІҢ ОТАНЫМ

Қазақстан – осы менің Отаным,
Туын тіккен атажұрты бабамның.
Осы жерде ғұмыр кешкен күреспен
Өз жұртында көбейсін деп ұрпағым.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Керегі жоқ маған басқа Отанның.
Сағынышпен оралғанда сапардан
Сезіп тұрар ыстығымды табаным.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Орын алған төсінде Ұлы даланың,
Дүниеге бүгін ел боп паш етті
Бабалардың сан ғасырлық арманын.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Еркін өссін өз елінде ұрпағым.
Сезу үшін қасиетін Отанның
Мен өзіңе атажұртым оралдым.



Қазақстан осы менің – Отаным,
Жер жәннаты сұлу өлке, байтағым.
«Мәңгілік Ел» болу еді мұратым,
Ғасыр көшпен саған кетіп барамын.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Өзгелерге айқара ашқан құшағын,
Желбіреген көкте туын көргенде,
Жанға жылу, бойға қуат аламын.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Бақыт, бақ та осы жерден табылған.
Жер астында жатыр қанша байлығым,
Менделеев кестесіне сыймаған.

Қазақстан – осы менің Отаным,
Айшықтаған Отанымды бар заңым.
Қасиетін ұғынайық жүрекпен
Отан деген оттан ыстық ананың!



Шынасыл ШОТБАҚҰЛЫ

АТА ЗАҢ

Көтеріліп көк күмбезді шаңырақ,
Босағада шұлғып екі, қос пырақ.
Шаңырағым шытынама шайқалмай,
Атамекен топырағыңнан тап тұрақ.

Зеңгір көктей көгілдір от мөлдіреп,
Жалауым тұр аспанымда желбіреп.
Шуақты күн нұрын шашты еліме,
Қанатында қыранымның күн күлед.

Бізді танып қуаттады әр ел де,
Әнұраным қанат қақты әлемге.
Исі қазақ басын қосып үй тікті,
Жүгінбейтін енді қайтып дәлелге.

Еңбектеген жас бала да, қарт та,
Барады елім айналып бір алыпқа.
Қазақ тілім төрде бүгін тозбаған,
Жаутаңдаған қалды күндер артта.

Кеше ғана Қазақ атын жаптық-ау,
Жасындар да, жұлдыз боп та ақтық-ау.
Тентіредік тайғақ кешу үстінде,
Ақырында елдігімді таптым-ау.



Ана тілде айтылғанда ұраным,
Оттай ыстық менің айтар бұл әнім.
Есемізге тиді толық тұрақтау,
Сап түзеді сайыпқыран ұланым.

Орта ойылып, қара орман ойсыраған,
Қазақ, қазақ қан жұтып қансыраған.
Аштық індет соғыс пен ақсүйек жұт,
Қайтып қана білмеймін жан шыдаған.

Қыл үстінде құрымай, жан шыдаған,
Қанды жасым талай жыл тамшылаған.
Қырық жылғы қырғыннан қалдық есен,
Қазақ түгіл қара жер қансыраған.

Басым тұр ғой қызыл тілді кескенде,
Қазақ аты тарихтан өшкенде,
Баудай түскен бабаларым қаншама,
Ақ ордалар астаң-кестең көшкенде.

Жұлынынды қиған кез бар ұғалық,
Мойнымызды үзіп түсті бұғалық.
Кеңірдегін төсеп тұрып қанжарға,
Аяз биін жаңа тапты бұл халық.



Кегің кетіп іште талай қайнаған,
Шындық үшін шырылдатып айдаған,
Қазақ, қазақ күндестіктен күңіреніп,
Екі жүзді қанжар баста ойнаған.

Аяғы жоқ, қолы жоқ жылан-дағы көрді күн,
Байтақ дала құланға көрсетеді кеңдігін.
Көк аттыға көлбеңдеп көзімізге шұқысып,
Қазақ атты халықтың жоғалтқанда елдігін.

Күн боп өстік күл тасып,
Қалдық бір кез шын жасып.
Қариялар жылайтын,
Көлеңкеде мұңдасып.

Ұлылықтың көздерін,
Қалған кезде құм басып,
Желтоқсанда жастарым
Төкті қанын бір қасық.

Жоғалғанда жалған күн,
Содан бастау алған күн,
Жетті бізге сүйінші,
Қазақ, қазақ болған күн,



Ақсарбастар айтылып
Қуанышқа толған күн.
Тарихқа алтындап,
Жазылып-ақ қалған күн.

Жетгі жайнап елдігім,
Шуақ төгіп келді күн.
Алтын заңың бекіді,
Қазақ, қазақ ерлігің.

Бүгін міне, үнім бар,
Бүгін міне, тілім бар.
Тап қазақтың елінің
Ұлымын деп ұғындар.

Соры батпан қайда да
Аспай қалған пайдаға.
Ескі заңды есіркеп,
Қойдық мұражайға да.

Мақсат биік орындар,
Туды күнің арындар.
Қазақстан ел бүгін
Тума халқым, заңым бар,



Ұланым деп, ұлым деп,
Азаматын қабылдар.
Қыз бен ұлым көркейіп,
Жанар, өсер, жалындар!

Қасіретті қапасты, қағып шанды,
Үміт арман, келер күн нұры жанды.
Мемлекеттік тіліміз қазақ тілі
Қабылдады, бекітті Ата заңды.

Қазақ болдық төл заңымды қабылдап,
Дербестігім әлемге айқын танылды-ақ.
Қазақстан тәуелсіз – ел біртұтас,
Жансын жастар келешегі лапылдап.

Қойша айдаған қара жолда шұбатып,
Жаутаңдаған жарымаған уақыт,
Қуғын-сүргін зұлымдықты сыпырып,
Өзінді-өзің билегенің шын бақыт.

Дүбірлетіп дүние төрін елдігім,
Төрт құбылаға тарап кетті теңдігім.
О, жасаған, ұзағынан сүйіндір,
Төл заңым бар, тәуелсізбін мен бүгін.



Ақан ЫРЫМЖАНҰЛЫ

АҚИҚАТ

Ата Заң, ата-бабам көзіндейсің,
Көсілген кең даламның өзіндейсің.
Ақиқат – Хантәңірі шыңындай боп,
Бұлтқа да, аспанға да көмілмейсің.

Аталы асыл тоқтағанға,
Жібектей жеңіл тиіп сезілмейсің.
Аталы асыл сөзден аттағанға,
Ақпанда аяз жұтқан темірдейсің.

Ата Заң, ақиқатсың ғажап кемел,
Сабырлы Сарыарқамдай тағат берер.
Әр бабың шешен сөйлер шежіредей,
Танбалап тарихымды санап берер.

Бүтінді бүлдірмейсің бөтен шығып,
Қақың жоқ һәм жыртықты жамап берер.
Ата Заң – аталы сөз айшықталған,
Аталы сөзге арсыз жауап берер.



Ақтолықын КҮЛЕКЕЕВА

АТА ЗАҢ

Ақ ары-сенер мияты,
Басынан нелер өтпеген.
Ұлт едік уыз-ұяты,
Уыстан шығып кетпеген.

Жуаны сөзге жығылып,
Дуалы сөзге тоқтаған.
Даланың заңын ұғынып
Бетімен кеткен жоқ бабам.

Ел едік кеше тәу етер.
Даланың ғана заңына,
Тәукелер еткен тәуекел,
Алаң боп елдің қамына.

Айналып заңға көшелі,
Кеніді бүгін арнасы.
Өз Тәуке жазған кешегі,
«Жеті Жарғының» жалғасы.



Арайлы күнге жол аштың,
Аманат болып атадан.
Айбыны сенсің – Алаштың,
Арымдай асқақ Ата Заң!

Шаттықтың күйін шертейік,
Елміз ғой жұртпен тең күші.
Елбасы сүйген еңкейіп,
Елдіктің ерен белгісі.

Раббысын ғана растайтын,
Басымды ием мың рет.
Тура бір жолға бастайтын,
Құраннан соңғы құдірет!



Дулат ДАРХАН

АЛТЫН АРАЙ

Жадымызда, бәрі де қанымызда,
Бас иелік ете алмай барымызға.
Азаттықтың жолында – тағдыр тайғақ,
Арыстардың қарылған жаны мұзға.

Алтай жайлап бабалар,
Балқан жетіп,
Мысыр жолда талайын талқан етіп.
Бостандықты аңсаған жорық сапар,
Бозбаланы баптаған, қалқам десіп.

Ұмыта алман түнегін тұл аспанның,
Еңсе түсіп, мың мәрте ұласқан мұң.
Алаш-Күнге әр кіріп Желтоқсаннан,
Егемендік лебімен қыр асқанмын!

Қазақта да бар екен пір аспанда,
Қурайың да тылсымсыз бүр ашқан ба?!
Ата Заңым асқақтап ақбастауда,
Нұрын шашты ертеңгі Гүлстанға!



Елес бүгін бодандық, көп шерлі де,
Жүректі жыр кернейді көптен, міне.
Қамшы үйірген замана жотама сол,
Дүние кезек – ілінді бөктергіме!

Байтақ жұрттың байрағы желбірейді,
Батыста да таң еттік кейбір елді.
БҰҰ-да саңқылдап шыққан даусым,
Ғаламшарды ғажапқа сендіреді.

Естілмегей елімде жетім үні,
Ризығыма жыртылсын жердің түгі.
Алтын арай – Ата Заң, сенем саған,
Бар өзінде –
Елбасы кепілдігі!





Натали Штырхун



Жеңіс ҚАРСЫБЕКОВ

АТА ЗАҢ

Тоғыз тарау, тоқсан сегіз бапты Ата Заң,
Әдет-ғұрпым, дәстүрім қалған атадан.
Бірлігі бүгін, жарасқан туған еліме,
Атылмаса екен соғыстың оғы тасадан.

Заңсыздықтың сонау, шыңына шыққан кезінде,
Жеті жарғы шықты, қазақтың дархан жерінде.
Заң бұзар тұлға, парақорларды құруға,
Ата Заң бүгін, көңілін бұрды еліне.

Елім айлап босқан шашылып жер бетіне,
Қазаққа туды әділдіктің таңы бүгінде.
Мың өліп, мың тірілген осы халқымды,
Қолдайтын билік күні тұрса екен көгінде.

Қасымханның салған қасқа жолы жетелеп,
Есімханның ескі жолынан шықпай еселеп.
Елбасы жазған, Ата Заңды ұрпағым,
Ту қылып мәңгі, өлгеніңше көтеріп өт.



Бірінші байлық, ел деген халқым басында,
Екінші байлық, жер, суың, тау-тасың да.
Бұзылмаған қаймақ, отыз жыл бойы құдайы,
Мәңгілік елге, айналса екен расында.

Халқына сарқып, аямай күш жігерін,
Беретін талдап, түсіндіріп заңын түгелін.
Жұмыс істеп тұр, Ата Заңның басында,
Конституциялық Кенес, сүйенішің, тірегін.

Ата дәстүрім, Ата Заңыммен ұласқан,
Рухани жаңғыру, атқан таңы, азат күн.
Жетпіс жыл көрген, қуғын-сүргін зомбылық,
Тарихы міне, тірілді бүгін қазақтың.

Түсінген жанға кітабы біздің Ата Заң,
Екінші кітап тұратын кейін Құраннан.
Ұлы даланың, мәңгілік елі болғанша,
Көз жасы, тері, қанымен жазылып құралған.

Тұратын ұстап, егемендікті бабаларым аңсаған,
Елбасы салған, сара жолды жалғаған.
Келсінші ылғи, басшы болып қазаққа,
Жылатпайтын халқын, иманды адам Алладан.



Ерғазы МАНАПҰЛЫ

АТА ЗАҢЫМ АРДАҒЫМ

Болсын кімге менің жайым жасырын,
Басталды енді нағыз алтын ғасырым.
Отанымның мәртебесін паш етер
Төлқұжатым – Ата Заңым – асылым.

Адамдардың қорғайтын асыл арын,
Заңым барда өзендей тасынамын.
Егемендік дегенің осы екен ғой,
Заң алдында бас исе басынарың.

Қазақстан – Отаным, ар-ожданым,
Отан үшін от кешер мен боздағың.
Ата Заңым болмаған кездерде мен
Азуында нелердің қала жаздадым.

Жырға қосып немесе ұран сап та,
Жарасады шаттансақ, қуансақ та.
Ата Заңым халқыма жол нұсқап тұр,
Бастайтын сонау нұрлы болашаққа.



Танатар ДӘРЕЛҰЛЫ

АТА ЗАҢ

Арқаң ғой сенің,
Бақытымның шамы жанса әрі.
Халқыма сенсің шұғыласын төккен таңсәрі,
Конституциям – сүйенер мәңгі тірегім,
Ата-бабаларымның ғасырлар бойғы аңсары.

Шалқып бір тасқан Ұлы даламның күй үні,
Түпқазық етіп, оралар саған сүйініп.
Конституциям – тұрғаны анық өзінде,
Тәубе! – деп айтар Тәуелсіздігімнің түйіні.

Әнұран шалқып, көк Туым биік – бақ Туым,
Қуанып досым, көңілі ала, жат суын.
Конституциям – сенеді саған келешек,
Сенеді саған өркениет күші – жас буын.

Тасиды арнам төсінде бұлқып су-ағын,
Ол күндер артта, кешпейді сәби туа мұң.
Конституциям – мәңгілік нұрға бөлейді,
Мәңгілік елді, сезінген ыстық шуағын.



Баймаханбет АХМЕТ

АТА ЗАҢЫМ АР-ИМАНЫМ

Ата Заңым, ар-иманым, мәртебем,
Асқақ рухым, ойымдағы мәрт өлең.
Сені және сен арқылы елімді,
Таныды да мойындады жарты әлем.

Армандарды маздататын алдымнан,
Арайы тұр сенде ататын таңның да!
Бай-бақуат, орташаң да, жарлың да –
Бәрі де тең, Заңым, сенің алдында!

Отың шарпып, Отанда ойлар оянған!
Сен болмасаң, бұлай желек жаям ба?
Бейқұт – тыныш күйде қамсыз, алаңсыз
Арман, үміт бүрлеп жатыр аяңда!

Ата Заңым, сенде – кие, жеңіс, бақ.
Сен барда адам пейілі – ақ, жер үсті – ақ.
Ақиқаттың майданына шығам мен
Құраным мен Сені ұстап!



Бастауысың игіліктің ғұмырлық,
Сендік кие – қасиетті ұғындық.
Қанат ұштап қияларға самғадық,
Сені, сені алтын мәрмәр – тұғыр ғып!

Арқа сүйер таянышсың, тірексің,
Барша үшін де баталы ақ тілексің.
Жылуына бөлеп ел мен жерінді
Соғып тұрған сен бір Ұлы Жүрексің!



Әні: Жасталап ҚУАНҒАЛИЕВ
Сөзі: Болат ҮСЕНБАЕВ

АЛТЫН ЗАҢЫМ – АРДАҒЫМ

Ата Заңым, алтын заңым – ардағым,
Аялаған адамзаттың арманын.
Жол бастайды болашаққа жасампаз,
Әрбір бабың, тарауларың, тармағың.

Қайырмасы:

Алтын заңым – тәуелсіз таң, нұрлы үміт,
Ортақ бізге қоғамдағы игілік.
Ақиқаттың аппақ жолын аттаймын,
Ата Заңым, сені ғана ту қылып.

Алтын заңда парасатым, пайымым,
Алтын заңда – күш-қуатым, жалыным.
Сен қорғайсың бостандық пен құқықты,
Анамдайсың елжіреген жаны күн.

Қайырмасы:

Алтын заңым – тәуелсіз таң, нұрлы үміт,
Ортақ бізге қоғамдағы игілік.
Ақиқаттың аппақ жолын аттаймын
Ата Заңым, сені ғана ту қылып.



Ертеңіне еселеген сенімін,
Тірегі сен Тәуелсіздік төрінің.
Алтын заңмен мақтануға ерікті
Азаматы Қазақстан елінің.

Қайырмасы:

Алтын заңым — тәуелсіз таң, нұрлы үміт,
Ортақ бізге қоғамдағы игілік.
Ақиқаттың аппақ жолын аттаймын
Ата Заңым, сені ғана ту қылып.



Сөзі: Е. МАНАПҰЛЫ,
әні: А. РАЕВ

АТА ЗАҢ

Тағдырымның толқыны тасып ұрсын,
Нағыз алтын басталды ғасырым шын.
Отанымның паш етер мәртебесін,
Төлқұжатым – Ата Заң асылымсың.

Қайырмасы:

Қазақстан – Отаным, ар-ожданым,
Отан үшін от кешер мен боздағың.
Ата Заңым игілікті істеріме,
Қолдаушым боп әркезде жол бастадың.

Адамдардың қорғайтын асыл арын,
Заңым барда теңіздей тасынамын.
Егемендік дегенің осы екен ғой,
Заң алдында бас исе – басынарың.

Қайырмасы:

Қазақстан – Отаным, ар-ожданым,
Отан үшін от кешер мен боздағың.
Ата Заңым игілікті істеріме,
Қолдаушым боп әркезде жол бастадың.



Жырға қосып немесе ұран сап та,
Жарасады шаттансақ, қуансақ та.
Ата заңым халқыма жол нұсқап тұр,
Сонау нұрлы бастайтын болашаққа.

Қайырмасы:

Қазақстан – Отаным, ар-ожданым,
Отан үшін от кешер мен боздағың.
Ата Заңым игілікті істеріме,
Қолдаушым боп әркезде жол бастадың.





Анастасия Балабина



**Сөзі: САНДУҒАШ НҰРҚАНОВА,
әні: БАҚТЫБАЙ АХМЕТОВ**

АТА ЗАҢ КҮНІ

Бір күн бар маңызды,
Соңында тамыздың.
Сол күнге мәңгілік қарызбыз,
Ардақтар бірлігін,
Айтулы күн бүгін.
Арналар өзіңе ән-жырым.

Қайырмасы:

Бұл – Ата Заң күні.

Бұл – Ата Заң күні.

Бұл – Ата Заң күні.

Бұл – Ата Заң күні – Ізгілік нұры.

Әлемнің бөлшегі –
Елім бар еңселі.
Әділ Заң – ар-намыс өлшемі.
Адал бол міндетке,
Арыңды кірлетпе.
Ата Заң талабын құрметте.



Қайырмасы:

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні – Бірліктің жыры.

Өзгерер замандар,

Жасалар қадамдар.

Өзгермес байлығың – адамдар!

Жарамас жат қылық

Жасасын жақсылық!

Жұмыр жер оянсын шат күліп.

Қайырмасы:

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні.

Бұл – Ата заң күні – Әділдік туы!



МАЗМҰНЫ

<i>Жамбыл Жабаев</i> АЛТЫН ЗАҢ	5
---	---

Бірінші бөлім **Ата Заң – Арым**

<i>Қайрат Әбдіразақ</i> АТА ЗАҢЫМ – БОЙТҰМАРЫМ	12
<i>Оразақын Асқар</i> АТА ЗАҢ	13
<i>Ермек Өтетілеуов</i> ОТАН	15
<i>Тоқбай Исабеков</i> ОТАНЫМ	16
<i>Серікбай Оспанұлы</i> АТА ЗАҢЫМ – АҚЫЛ ІСІ, АР ІСІ	18
<i>Абдрахман Асылбеков</i> ҰЛЫ ОТАНЫМ	20
<i>Серік Ақсұңқарұлы</i> ҮШ ТАҒАН	21
<i>Ғалым Жайлыбай</i> АТА ЗАҢ – АРЫМ	23
<i>Базарбай Исаев</i> ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ БАР	26
<i>Бақытжан Тобаяқ</i> ЗАҢГЕР	27



<i>Нұрлан Мәукенұлы</i>	
АТА ЗАҢЫҢДЫ АРДАҚТА.....	28
<i>Мұса Жанәділов</i>	
АТА ЗАҢЫМ	30
<i>Кәдірбек Құныпияұлы</i>	
АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТА	32
<i>Ақылбек Шаяхмет</i>	
СЕН ДЕР ЕДІМ.....	34
<i>Сайлаубай Тойлыбаев</i>	
ҚАЗАҚСТАН – РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ.....	36
<i>Болат Үсенбаев</i>	
РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ.....	39
<i>Аманкелді Шахин</i>	
ЕГЕМЕНДІК КЕПІЛІ	41
<i>Жомарт Игіман</i>	
ЕРКІН ЕЛДІҢ ЗАҢЫ БҰЛ.....	43
<i>Шаяхмет Құсайынұлы</i>	
АТА ЗАҢЫМ.....	45
<i>Смағұл Рахымбек</i>	
НҰРЛЫ ЖОЛ	47
<i>Бағлан Мақұлбеков</i>	
АТА ЗАҢЫМ – АЙБАРЫМ.....	48
<i>Айбатыр Сейтақ</i>	
АЗАТ ЕЛДІҢ АР-НАМЫСЫ – АТА ЗАҢ	50
<i>Нұрлан Қалқа</i>	
АТА ЗАҢЫМ – БОСТАНДЫҚТЫҢ КЕПІЛІ.....	52



Екінші бөлім.

Ұлы көшім Нұрлы жолға жалғасты

<i>Ауыт Мұқибек</i>	
КЕЛІП ТҰР АҚОРДАНЫ АЛТЫ АЙНАЛҒЫМ	56
<i>Бақытбек Смағұл</i>	
АТА ЗАҢ.....	58
<i>Бақытбек Смағұл</i>	
АТА ЗАҢЫМ – АР-ОЖДАНЫМ, НАМЫСЫМ!.....	60
<i>Қалқаман Сарин</i>	
АТА ЗАҢ.....	62
<i>Қанат Шөкенов</i>	
АТА ЗАҢ...!.....	64
<i>Салтанат Смағұлова</i>	
ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ.....	66
<i>Әсел Назаралы</i>	
ТӘУЕЛСІЗДІК.....	68
<i>Әлия Дәулетбаева</i>	
ӨЗІМНІҢ АТА ЖҰРТЫМДА	
ӨЗ ЗАҢЫМ БИЛІК ҚҰРЫП ТҰР!	69
<i>Жандос Жұмабек</i>	
ДАЛА ЗАҢЫ – БАБА ЗАҢЫ.....	71
<i>Арайлым Қарсақбайқызы</i>	
МЕН ҚАЗАҚПЫН.....	74
<i>Бердіғазы Тілеуәлі</i>	
ОСЫ МЕНІҢ ОТАНЫМ.....	76
<i>Шынасыл Шотбақұлы</i>	
АТА ЗАҢ.....	78



<i>Ақан Ырымжанұлы</i>	
АҚИҚАТ.....	83
<i>Ақтолқын Күлекеева</i>	
АТА ЗАҢ.....	84
<i>Дулат Дархан</i>	
АЛТЫН АРАЙ	86
<i>Жеңіс Қарсыбеков</i>	
АТА ЗАҢ.....	89
<i>Ерғазы Манапұлы</i>	
АТА ЗАҢЫМ АРДАҒЫМ.....	91
<i>Таңатар Дәрелұлы</i>	
АТА ЗАҢ.....	92
<i>Баймаханбет Ахмет</i>	
АТА ЗАҢЫМ АР-ИМАНЫМ	93
<i>Жасталап Қуанғалиев, Болат Үсенбаев</i>	
АЛТЫН ЗАҢЫМ – АРДАҒЫМ.....	95
<i>Е. Манапұлы, А. Раев</i>	
АТА ЗАҢ.....	97
<i>С. Нұрқанова, Б. Ахметов</i>	
АТА ЗАҢ КҮНІ	100



Әдеби-көркем басылым

ЖЫР АРҚАУЫ – АТА ЗАҢ

Қазақ ақындарының жыр жинағы

Құрастырған
Қайрат Мәми

Редакторы *Агила Хасанқызы*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Айша Қалиева*

ИБ №13595

Басуға 23.06.2020 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 $\frac{1}{16}$.

Шартты б.т. 6,16. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №3615. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.